

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 2019 жылғы 13 мамырдағы № 8 шешімімен (№8 хаттама) бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының Корпоративтік әдеп кодексіне өзгерістер мен толықтырулар

1. 6-тармақ мынадай мазмұндағы 14) тармақшамен толықтырылсын:
«14) Қор қызметкерлері арасында қақтығысты жағдайларды болдырмау.».
2. 7-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:
«2) жұмыс орнында өзіне қатысты кемсітушілік немесе қысым көрсету нысандары, Қордың басқа қызметкерлері тарапынан қорлау немесе өрескел мінез-құлық көрсету фактілері байқалған жағдайда тікелей басшысына немесе 25-1 тармаққа сәйкес Қызметкерлермен жұмыс жүргізу басқармасына (бұдан әрі – ҚЖБ), ішкі қауіпсіздік қызметкеріне жүгінуге немесе Қор басшылығының оны қабылдауына;».
3. 8-тармақ мынадай мазмұндағы 9) және 10) тармақшалармен толықтырылсын:
«9) қызметкерлерге деген менсінбеу немесе қорлау қатынастарының кез келген нысандарына жол бермеу;
10) Қор қызметкерлері арасында қақтығысты жағдайларды болдырмау/шешу үшін қажетті шаралар қабылдау;».
4. 25-тармақ «ішкі қауіпсіздік қызметінің,» деген сөздерден кейін «ҚЖБ» деген сөзбен толықтырылсын.
5. Мынадай мазмұндағы 25-1, 25-2 және 25-3-тармақтармен толықтырылсын:
«25-1. Қор қызметкерлері арасында жағымсыз қарым-қатынастар және/немесе қақтығысты жағдайлар туындаған жағдайда реттеу шаралары ретінде мыналар қолданылады:
1) ҚЖБ ішкі қауіпсіздік қызметкерімен бірлесіп қақтығысты шешу мақсатында даулы мәселелерді бірлесіп талқылау үшін қақтығысушы тараптармен келіссөздер жүргізеді;
2) егер келіссөздер нәтижесінде қақтығыс реттелмесе, ҚЖБ қақтығысты жағдайды шешу жолын алқалы іздестіру мақсатында Басқарма төрағасының не өзге де уәкілетті тұлғаның Бұйрығы негізінде жұмыс тобын құруға бастамашылық жасайды. Қақтығысты жағдайды қарау нәтижелері бойынша жұмыс тобы қақтығыстың мән-жайларын негізге ала отырып, оны реттеу бойынша ұсыныстар береді.
25-2. ҚЖБ жыл сайын моральдық-психологиялық ахуалды, қақтығысты жағдайлардың болуын және Қорда қолданылатын оларды реттеу құралдарының жеткіліктілігін бағалауға бағытталған жасырын сауалнамалар жүргізеді.
25-3. Қордың корпоративтік мәдениетін қолдауға бағытталған, өткізілген іс-шаралар мен атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты ҚЖБ Қор Басқармасының қарауына жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың I тоқсанының аяғына дейін ұсынады.».